

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
БРЕНД



ЖОСПАР:

- 1.Шығыстан шыққан тұлғалар.
- 2. Қорықтары
- 3.Шығыстың құндылықтары.
- 4.Шығыс Қазақстан табиғаты.

I. ШЫҒЫСТАН ШЫҚҚАН ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР.



Шығыс-Қазақстан: танымал есімдер - Ақын жазушылар
Әуезов Мұхтар Омарханұлы (1897- 1961 жж.)

Менің аңдауымша, бір кезде орыс мәдениетінің өсіп- өркендеуіне Пушкин әсері қандай болса, бүгінгі Орта Азиялық көркем ойдың, іргелес халықтарымыздың күллі рухани өмірінің қалыптасуына Әуезов әсері де дәл сондай болды.

(Шыңғыс Айтматов)

Қазақ халқының мәдени даму тарихында жазушы, драмашы, публицист, зерттеуші, аудармашы әрі қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың алатын орны ерекше.

М.Әуезов - ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен еңбек сіңірген ұлы жазушы.

Жазушы 1897 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Семей облысының Абай ауданындағы Шыңғыстау деген жерде туды. 1908 жылы Мұхтарды немере ағасы Қасымбек Семейге алып келіп, орыс мектебіне түсіреді. Оның тұңғыш күрделі шығармасы - " Еңлік-Кебек" драмасы 1917 жылы, семинарияда оқып жүргенде жазылды.

1923 Ленинград университетінің филология факультетіне оқуға түсіп 1928 жылы бітіріп шығады. Оқуды бітірісімен Ташкентке келіп, орман техникумында әдебиеттен сабақ береді, 1929 жылы Орта Азия мемлекеттік университеті туркология кафедрасына аспирантураға түсіп, онда 1930 жылдың октябрыне дейін болады.

Кемеңгер жазушының өмір жолына көз жіберсек, оның бір кездерде қилы кезең, қиын асуларға тап болып, қысылып- қиналған сәттерін еске алмай өте алмайсың. 30- жылдардың басында жазықсыз жаламен екі жыл түрмеде отырды. Қазақтың

шығар қаймағы " халық жауы" атанған кезде ендігі бетке ұстар азамат М:Әуезовке де құрық түсуге шақ қалды. Алашордашыл, ұлтшыл жазушы деп қудалағандар аз болған жоқ. Соның салдарынан жазушы 30- жылдары өзінің " Еңлік-Кебек", " Көксерек", " Қилы заман" сияқты тамаша туындыларынан бас тартса, 40-шы жылдары " Қаракөз", " Айман-шолпан", " Түнгі сарын" сияқты ғажайып пьесалары сахнадан түсіп қалды.

Жазушының әңгімелеріне тән оқиғалық, тартыстық жүйелер драмалық шығармаларында да кездеседі. Бұл да суреткердің өмір ақиқатын неғұрлым шыншыл әрі толық бейнелеу ниетінен туған көрініс. Творчестволық жолының алғашқы кезеңінің өзінде- ақ М.Әуезов көп қырлы талантын айқын танытты. Ол бұл тұста, әсіресе, көркем прозаның майталман шебері болып қалыптасты. Өмір оқиғаларын қаһарман мінезімен ұптастырып, қайталанбас сом тұлғалар жасау дәстүрін терендетті, прозаның әңгіме- повесть түрлерін жетілдірді. Тарихи тақырыпты да, заман шындығын да өзіне ғана тән өрнектеп жырлайтын арнаға түсті.



М.Әуезов қазақ әдебиетінде драматургия жанрының негізін салушылардың бірі болды. "Еңлік-Кебек", "Қаракөз", "Түнгі сарын", "Ақ қайың", "Тас түлек", "Тартыс", "Алма бағында" сияқты шығармаларында кеңес адамдарының жаңа өмір қалпын, жасампаз еңбегін бейнелейді. Осы салаға ерекше көңіл бөліп, қаламгерлік жолының әр кезеңінде бас-аяғы жиырмаға жуық пьеса жазды.


М.Әуезовтың "Абай жолы" роман-эпопеясы- бүкіл кеңес әдебиетінің аса көрнекті шығармасы. Романның идеялық- көркемдік биік жетістігін жер жүзінің прогресшіл әдебиет, өнер қайраткерлері жоғары бағалады. Француз жазушысы Л. Арагонның: " Эпикалық "Абай" романы..... XX ғасырдағы ең мәнді романдардың бірі ",- деген сөздері демократиялық бағыттағы шетел жазушыларының ортақ лебізі болып естіледі. Бұл пікірлер роман- қазақ әдебиетінің зор жетістігі болғанын дәлелдейді. Дүние жүзінің отыздан астам тіліне аударылып жарық көрген бұл шығарма миллиондаған оқырманды сусындатып, оларға ұлы Абайды, Абай арқылы қазақ халқын паш етті.

Әуезов - тек қана жазушы емес, қазақ әдебиет ғылымының ірі теоретигі, абайтанудың негізін салушы. Ол түркі тілдері әдебиетінің тарихы жөнінде терең ғылыми зерттеулер жасады.

Оның қаламынан әлемдік және орыстың тамаша классикалық әдебиетінің, бауырлас халықтар әдебиетінің танымал шығармаларының тәржімелері туды.

Жазушы, академик, тұнғыш драматург, талантты романист, білгір сыншы, белгілі қоғам қайраткері " Сегіз қырлы , бір сырлы азамат" - өзінің ғажайып таланты, асқан еңбекқорлығы арқасында халқына қалтқысыз қызмет етті, көркем сөздің шыңына шығып, сонына мәңгі өлмес мұра қалдырды.

Әдебиетіміздің қос биігі Абай мен Мұхтарды кезек-кезек оқығанда жерлес ақынымыз Қ. Алтынбаевтың " Бірі - өлеңнің патшасы, бірі-проза құдайы " деген жыр жолдары есіне түседі.




Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931)

Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында дүниеге келген. Қазақ ақыны, ойшыл, композитор, аудармашы.

Әкесінен жастай жетім қалып, немере ағасы Абай Құнанбаевтың қолында тәрбиеленді. Бұл жағдай Шәкәрім Құдайбердиевтің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, ақындық шеберлігінің шыңдалуына зор әсер етті. Орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, Батыс, Шығыс әдебиетін зерек білді. Жеті жасынан бастап өлең жазып, өмірінің ақырына дейін ағартушылық бағыт ұстады.

Абайдың жанашылдық дәстүрін дамытып, Абайдан кейінгі екінші реалист ақын атанды. Ақынның творчествосы сан-салалылығымен ерекшеленді, оған көңілдің шат-шадыман әуені де, көкіректі қарс айырған трагизм де тән. Ақын нақты өмір суреттерін, туған табиғаттың әсемдігін тебірене жырлады. 19ғ. - дың аяғы мен 20ғ.-дың басындағы қазақ өміріндегі оқиғаларға, құбылыстарға қызу үн қосты. "Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық!" (1877) өлеңінде талапты жастарды ұлы Абайдан үлгі-өнеге алуға, содан үйренуге шақырса, "Жастық туралы", "Кәрілік туралы" (1879) өлеңдері Абай үлгісінде жазылып, адамның өмір жасын жыр етеді. "Өмір", "Сәнқойлар", "Ызақорлар", "Құмарлық", сияқты дидактикалық өлең-жырларында боямалы ажарды, жасанды мінез бен жағымсыз қылықты сынға алады.

Ғашықтық сезім таза, пәк жүректен маздайтынын айта келіп, ("Анық асық әулие", "Шын сырым") адамгершілік ақ жолға, өнер-білімге үндейді. "Жастарға" (1880), "Арман", "Насихат" (1881) атты өлеңдерінде әртүрлі тап пен топ өкілдерінің ниет, мақсаттарын шеней келе, қоғамда әлі моральдық өлшемнің дұрыс қойылмағанын сөз етеді. Ш.Қ.- қазақ поэзиясында оның философиялық саласын дамытқан ақын. Бірақ кейбір өлеңдерінде ("Бай мен кедей", "Бай мен қонақ") мәселенің әлеуметтік мәнін ашуға бара бермейді. Үстем таптың озбырлығын, қиянатын айтумен шектеліп, "еңбек ет, бөтенді қанама, ісіңе арың басшы болсын" деп уағыздайды. "Жуандар" деген өлеңінде байларды сынайды, бірақ таптық көзқарасты санасына терең сіңіре алмай, ағартушылық көзқараста қалып қояды.



- Абай – өркениет тарихындағы дара тұлға. Ол тек қазақтың ғана емес, адамзаттың ақыны. Ұлы тұлғаның туғанына 175 жыл толуына орай, 2019 жылдың 3 желтоқсанында Үкімет қаулысы шыққан болатын. Осыдан кейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің іргесінде «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылды. Институт ғалымдары ЕІ.kz ақпараттық-танымдық порталына академияның бүгінгі таңдағы жұмысымен таныстырып, Абай туралы пікірін білдірді. Ғылыми зерттеу институтының жоспарында ақынның 175 жылдық мерейтойын тойлауға арналған өзіндік ұлттық жоспары бар. Бүгінгі таңда Абай академиясында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қызмет ететін танымал ғалымдар, әдебиет зерттеушілері, тарихшылар мен философтар қызмет істейді.

2.ҚОРЫҚТАР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

- Мемлекеттік табиғи қорық — табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ, оның қызметінің мақсаты өзінің аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады.
- Қазақстанда қазіргі уақытта 10 қорық ұйымдастырылған

Атауы	Құрылған жылы	Көлемі, га	Орналасқан жері
<u>Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1926	131 934	<u>Түркістан облысы</u> және <u>Жамбыл облысы</u>
<u>Алматы мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1931	71 700	<u>Алматы облысы</u>
<u>Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1931	191 381	<u>Қостанай облысы</u>
<u>Барсақелмес мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1939	160 826	<u>Қызылорда облысы</u>
<u>Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1968	543 171	<u>Ақмола облысы</u> және <u>Қарағанды облысы</u>

Атауы	Құрылған жылы	Көлемі, га	Орналасқан жері
<u>Маркакөл мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1976	102 979	<u>Шығыс Қазақстан облысы</u>
<u>Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1984	223 342	<u>Маңғыстау облысы</u>
<u>Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1992	86 122	<u>Шығыс Қазақстан облысы</u>
<u>Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1998	65 217,9	<u>Алматы облысы және Шығыс Қазақстан облысы</u>
<u>Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы</u>	2004	34 300	<u>Түркістан облысы</u>

- Марқакөл қорығы

Бұл қорық - Шығыс Қазақстанның нағыз інжу-маржаны. Оңтүстік Алтайдың табиғат кешенін табиғи жағдайда сақтау үшін 1976 жылдан бері қорық аумағын қоршап, адам іс-әрекетінен қорғайды.



Алакөл

Алакөл - Қазақстандағы Алматы және Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан тұйық көл, Қазақстандағы ең ғажайып көлдердің бірі. Сонымен қатар аумағы 20 мың гектардан асатын бұл өлкеге денсаулығын түзеткісі келетіндерден басқа, теңдесі жоқ көлде шомылу мен балық аулағанды ұнататындар келеді.

Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы Кенді Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде Шығыс Қазақстан облысының Риддер (Лениногор), Зырян, Глубокое (Орталық кеңсе-үй-жайы Глубокое ауданының Риддер қаласында орналасқан) аудандарының аумағында Поперечное ауылының оңтүстік-шығысында табиғатты пайдаланудан алынып қойылған жерлерде орналасқан. Батыс Алтай қорығының аудандастырылуы Оңтүстік-Сібір тау елдерінің Алтай провинциясына жатады. Қорықтың ландшафтық кешеніне Иванов (2800 м), Холзун (2500 м), Көксін (2300 м), Тигирецк (2300 м), Линейск (1600 м), Уба (2067 м), Үлбі (2000 м) жоталарының



БАТЫС АЛТАЙ ҚОРЫҒЫ

3. ШЫҒЫСТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

- Қозы көрпеш - Баян сұлу кесенесі

Қозы көрпеш - Баян сұлу кесенесінің үлгісімен тұрғызылған ескерткіш.

Қозы мен Баян қабірінің үстіне тұрғызылған. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданындағы Таңсық станциясының маңында, Аягөз өзенінің оң жағалауында.



Абай мұражайы

Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық мұражайы—ақынның туғанына 95 жыл толуы қарсаңында Халық Комиссарлар Кеңесінің 1940 жылғы I-сәуірдегі қаулысы бойынша ұйымдастырылды. Оның негізгі қорын 1885 жылы Өлкетану мұражайына Абай тапсырған заттар құрайды. Аталмыш заттардың 30-ға жуығы мұражай қорында сақтаулы.

Семей қаласындағы аспалы көпір

Көпір құрылысымен, негізінен, жапондық «Аячай» фирмасы айналысты. Жапонияда жасалған көпір қаңқалары алдымен су жолымен, сосын теміржолмен Семейге тасымалданған. Жалпы, екі ел арасындағы келісімге қарай, Жапония мемлекеті көпір құрылысына 165 млн доллар бөліпті. Бұл қаржыны 2,7 пайызбен 30 жылда қайтару мәселесі де алдын ала пысықталған. Ал Түркияның «АлсимАларко» фирмасы көпірге келіп тірелетін ұзындығы 16 шақырым жол құрылысын жүргізумен шұғылданыпты. Сонымен қатар көпір құрылысы жұмыстарына өз елімізден 30-ға жуық фирмалар қатысса, жұмысшылардың 90 пайызын жергілікті азаматтар құрапты. Көпір құрылысы белгіленген мерзімнен бұрын бітіп, 2000 жылдың қазан айында пайдалануға берілді.



4.ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТАБИҒАТЫ

- Шығыс Қазақстан Табиғаты

Табиғи – климаттық зонасына әркелкілік тән. Аймақ өңірін –таулы, таулы-орманды, орман-тоғайлы, далалы, шөлді, шөлейтті, андшафт алып жатыр. Кенді Алтай және Оңтүстік Алтай жеріне Қалба, Сауыр-Тарбағатай таулары орналасқан. Таулардың биіктігі- 800ден 1500 м-ге дейін, Алтайдың шығысы-3000 м-ден-4000 м. аралығында. (Мұзтау тауы-4506 метр).

Алтайдың Қазақстан бөлігінде 350 мұздық бар. Жалпы көлемі 99.1 кв. км-ге орналасқан. Шығыс Қазақстан облысы пайдалы қазындыларға өте бай. Мұнда мырыш, қорғасын, мыс, күміс, кадмий, сурьма,мышьяк, темір, күкірт, висмут, индий, калий, селен, теллур, сынап, қалайы, тантал, молибден, вольфрам, титан, никель, кобальт, көмір және т.б кездеседі. Кенді Алтайдың полиметалл кен орындары - Лениногор, Зырян, Березовка, Белоусовка, Глубокое, Бұқтырма, Тишин рудниктері.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

